


Кейкі батыр кітабы жарыққа шықты



Алматы, Астана, Қостанай, Қарағанды қалаларындағы мемлекеттік мұрағат құжаттары мен материалдары пайдаланылып, автордың 28 жыл бойы ел аузынан, батырдың ұрпақтарынан, жеке адамдардың мұрағаттарынан жинаған әңгіме, естеліктерінің ең таңдамалылары ғана енгізілген. Кітаптан атқаны мүлт кетпеген қолмерген, ер жүрек батыр, алып күш иесі - Кейкі Көкембайұлының бастан кешкен түрлі оқиғалары, қиын кезеңдердегі тапқырлығы нақты дәйектермен жазылған. Басылым - Ұлттық батырымызды ұлықтау, Батырдың бабалары, Кейкінің нұрлы келбеті, Кейкі көтеріліс күндерінде, Туған жердің төсінен пана таппай... Кейкі батырдың қазасы сынды 9 тарауды қамтиды. Кітап тілі жеңіл, оқиғалар шебер суреттеліп, оқыған адамды бірден баурап әкетеді. Басылым қалың оқырман қауымға арналған.

1916 - 1917 жылдардағы ұлт - азаттық көтерілісінің көсемі, қазақ теңдігін аңсап, сол жолда жанын берген, ұлт батыры Нұрмағамбет Көкембайұлының күрделі тағдырын арқау еткен басылым оқырманға жол тартты.

Тарихи деректі кітап авторы - белгілі журналист - қачамгер Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН. Басылымға Ресейдің Санкт - Петербург, Орынбор, Омбы, Қазақстанның